


Бекітемін: 
«Шұғыла бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның директоры Тулешова Г.Д

**«Айгөлек» кіші жас тобының 2022-2023 оқу
жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары**

№	Айлары	Ата-аналар жиналысы тақырыбы:	Ертеңгіліктер	Кеңес	Сайыстар	Қосымша жұмыс түрлері	Орындаушы
1	Қыркүйек	«Отбасы мен балабақша бірлігі»		«Жалаң аяқ жүрудің пайдасы туралы» кеңес		Балабақшаға саяхат "Отбасы туралы мәліметтер жинау» сауалнама «Саусақ жаттығулары» жылжымалы папка	Тәрбиешілер Мед.бике Психолог
2	Қазан		«Алтын Күз» ертеңгілігі. «Республика күні» мерекесіне арналған ертеңгілік	«Бала тәрбиесі отбасынан басталады» кеңес	Отбасылық сайыс «Күз сыйы» /табиғи м-н/	«Тұмау және ЖРВИ алдын алу» Жылжымалы папка	Тәрбиешілер Дариябаева С.А Әкімгерей В Медбике
3	Қараша			«Балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз»- кеңес		«Балалар – біздің бақшамыз.» фото-көрме	Тәрбиешілер Дариябаева С.А Әкімгерей В.Ә Психолог
4	Желтоқсан	Тақырыбы: «Дені саудың – жаны сау» Баяндама «Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері.»	«Жаңа жылды қарсы аламыз» мерекесі.		«Жаңа жылдық ертегі»-көрмесі		Тәрбиешілер Дариябаева С.А Әкімгерей В

5	Қантар			«Балаңызбен бірге ойнаныз»-кеңес	«Қарлы қалашық» сайыс	«Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар»-жылжымалы папка	Тәрбиешілер Мед.бике Психолог
6	Ақпан	Тақырыбы : Бала тәрбиесі-отбасынан басталады». Баяндама: «Баланы қалай тәрбиелеу керек?»		«Баланың қысқы киімі»-кеңес	«Меңің отбасымен демалысым»-фото көрме	«Отбасы күні»-ж-папка	Тәрбиешілер Психолог
7	Наурыз		«Аяулы анашым !» - ертеңгілігі «Наурыз жыл басы!»-ертеңгілігі	«Отбасында баланы еңбекке баулу»-кеңес		«Наурыз –жыл басы»жылжымалы папка	Тәрбиеші Мед.бике
8	Сәуір				Көрме «Сүйкімді балапан» /саусақпен бояу/	«Көктем» ж-папка «Жол тәртібін білейік Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка	Тәрбиешілер
9	Мамыр	Тақырыбы: Қорытындылау «Біз не үйрендік »	«1 -мамыр ынтымақ мерекесіне» арналған ертеңгілік.		«Әкем, анам және мен » Спорттық сайыс	«Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру» ж-папка	Тәрбиешілер Мед.бике Психолог

A decorative border of colorful balloons (blue, pink, orange) with black strings, arranged in a rectangular frame around the text.

Баяндама:

**Тақырыбы: «Отбасы мен
балабақша бірлігі.»**

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірлігі.

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деп талай ғасыр бұрын Платон бекер айтпаса керек. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деді халық даналығы. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған. «Тәй-Тәй» технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-аналар жиналысы болып табылады. Ол қандай болуға тиіс? Осындай жиналыстарда шаршаған ата-аналардың көңілін жандандыратын және сұхбаттардың мәнін анағұрлым жеңіл есте сақтауға жәрдемдесетін, жылы көңіл, ашық және іскер әңгіме үшін ерекше көңіл-күй жасайды.

Қорытындылай келе, қазақтың ұлы ғұламасы Әбі Насыр Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

МККК «Шұғыла» бөбекжай бақшасы



«Айгөлек» кіші тобының тәрбиешілері:

Әкімгерейқызы Венера

Дариябаева С.Ә

2022жыл Қазан

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық,

Бармысыздар, халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға «Айгөлек» кіші тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.)

Жүргізуші: Бүгін мейрам, бүгін той

Қуанышты күн біліп қой

Күзгі бақтай сыңғырлап

Алақанды соғып қой деп, — әнімізді шырқаймыз.

Ән: «Кап кап –тук тук»

Жарайсыңдар балалар бір тынығып алдық. Балалар «Алтын күз» мерекесіне жиналды. Қонақтарда келді. Бірақ бізде кім жетіспейді. Сендер білссіндерме ол кім?

Балалар : Ол күз ханшайымы.

Жүргізуші: Ендеше күз ханшайымын шақырайық.

(Сықырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

Күз ханшайымы: Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын күз.

Сары алтынға малынған,

Мен Күз ханшайымымын,

Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіздерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

Жүргізуші: — Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз! Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Ендеіше біздің балаларымыздың дайындаған тақпақтарың тыңдаңыз:

Тақпақтар:

Ақбаян:

Келді міне күз Айнала сары түс

Мөлдір.

Керемет тамаша,

Қандай әсем күз.

Ерке:

Күз келгенде тамаша,

Өн саламыз жараса.

Жұбаныш:

Алақай, алақай

Шаттанады балақай.

Жүргізуші:

Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Ойын: «Күн мен Жаңбыр».

Ойынның шарты: Күн күркірегенде қолшатыр астына тығыламыз. Күн шыққанда көңілденіп билейміз.

Күз ханшайымы: Жарайсындар балалар, өте шапшаң екенсіңдер.

Жүргізуші: Балалар, Күз Ханшайымымен ойын ұнады ма?

Балалар: Иә, ұнады.

Жүргізуші: Балабақша бағында,

Сайрандаймыз жанында.

Нақ өзіндей бүлдіршін,

Көп достардың жанында,- деп, біздің кішкентай биші қыздарымызды «Жапырақтар» биін қарсы алыңыздар.

Би: «Жапырақтар.»

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар! Күз ханшайымы біздің балалардың өнерлері әлі біткен жоқ. Балаларымыз тағы да тақпақ айтып береді:

Айша:

Күздің қазан айында,

Алма алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,

Сыбдыр-сыбдыр етеді.

Жүргізуші: Балалар, күз ханшайымының сиқырлы орамалы бар, ол сонымен ойын ойнағысы келеді, ойнағыларың келеме?

Ойын: «Сиқырлы орамал»

Қане, шеңбер құрайық,

Билеп-билеп алайық.

Шыр етіп айналып,

Теріс қарап отырайық.

(Балаларға күз ханшайымы ортаға орамал жабылған себетті қояды.)

Күз ханшайымы: Ал балалар енді бұрылып қарайық.

Орамалды ашайық,

Астында не, қарайық?

Бұл не?

Себет қой! Себеттің ішіндегі жемістермен көкөністерді айтады.

Себеттің бетін жапырақтар жауып тұрады.

Екінші рет ойналғанда, себеттің ішінде алмалар болады. Бұл күздің сыйы, байлығы деп алмаларды балаларға үлестіреді. Балалар алғыстарын айтады.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болыңдар балалар! (Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Айгөлек» кіші тобының «Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!



Шумаудан сақпан



ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ МЕН ТҰМАУДЫҢ ДАМУЫН ҚАЛАЙ ЖЕҢІЛДЕТУГЕ БОЛАДЫ:



DamuMed

ТҰМАУ

Тұмаудың ауыр түрі және ЖРВИ белгілерінің бірі - ринит белгілері болуы мүмкін. Ересек адам немесе бала науқасқа дем алуын жеңілдету үшін, ал тұмау созылмалы ринит немесе синусит түріндегі асқынулардың дамуына әкелмеу үшін, дәрігердің келесі ұсынымдарын орындау керек:


ДҰРЫС СІҢБІРІҢІЗ

Танауды саусағыңызбен жабыңыз, терең тыныс алыңыз, ауызыңызды жабыңыз және мұрын танауын шырыштан босатыңыз. Басқа танаумен де сол әрекеттерді жасаңыз. Балаға жасағанда, груша-аспираторды немесе ұшы бар шағын кеудемені пайдаланыңыз.




МҰРЫН ЖУУ

Тұзды ерітіндісің дайындаңыз (1 стакан суға 1 шай қасық тұз) және әрбір танауға 3 тамшы тамшылатыңыз. Ересектер мұрындарын осы ерітіндімен аспираторды қолданып жуады. Сонымен бірге, мұрынды және шприцтерді жуу үшін дайын тұзды ерітіндісің және теңіз суын қолдануға болады.



МҰРЫН ТАМШЫЛАРЫ

Дәрігердің белгілеген мұрынға арналған тамшылар туралы ұмытпаңыз. Егер сіңбірік ағып кетсе, алдымен мұрынды тұзбен шайыңыз, содан кейін тамшылатыңыз. Егер сіңбіріктер болмаса және мұрын бітелген болса, алдымен дәрі тамшылап, мұрынды тазарту керек, содан кейін тұзды ерітіндімен шайыңыз.





Тұмау — вирус тудыратын тыныс алу жолдарының жігі жұқпалы ауруы жігі респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) тобына жатады.

Тұмаумен ауыру басқа респираторлық инфекцияларға қарағанда ауыр. Тұмау созылмалы аурулардың (бронх демікпесі, жүрек-қан тамыр аурулары, қант диабетінің) асқынуына алып келеді. Тұмаудың өзі емес, оның асқынуы адамды мүгедектікке немесе өлім-жітімге алып келуі мүмкін.

Тұмаудың асқынуы:

- пневмония;
- бронхит;
- орталық жүлікке жүіесінің зақымдалуы (менингит, энцефалит);
- бүйректің зақымдалуы (нефронит).

ҚАУІПТІ ТОПТАР:

- жүкті әйелдер;
- 6 айдан 5 жасқа дейінгі балалар;
- 65 жастағы және одан үлкен қарт адамдар;
- созылмалы аурулармен ауыратын адамдар;
- денсаулық сақтау саласының қызметкерлері.

БЕЛГІЛЕРІ:

- қалтырау;
- 39-40°C дейін дене қызуының көтерілуі;
- бастың ауыруы;
- қалжырау, бұлшықеттер мен буындардың ауыруы;
- құрғақ жөтел, тыныс алудың қиындауы;
- құсу;
- іштің отуі.

АУРУДЫ ЖҰҚТЫРУ КӨЗІ – НАУҚАС АДАМ.



ТҰМАУДЫҢ ВИРУСЫНЫҢ ЖҰҒУЫНЫҢ ЕКІ ЖОЛЫ БАР:

- Ауа-тамшылары арқылы жөтелгенде, түшкіргенде, сойлегенде немесе жап тыныс алғанда науқас адамнан вирус таралады.
- Тұрмыстық қарым-қатынас арқылы лас қолдан, күнделікті қолданылатын таза емес құралдар, ойыншықтар және т.б. вирус таралады.

СПЕЦИФИКАЛЫ ПРОФИЛАКТИКА:

- Әлемде **вакцинация** инфекциямен күресте аса тиімді, экономикалық және қолжетімді құрал ретінде танылған. Тұмауға қарсы алдын алудың басты тәсілдері вакцинация болып табылады.
- **Вакцинация** ағзаны қорғаныс күшін арттыруға ынталандырып, аурудың алдыналады.
- **Вакцинацияны** тұмау таралмастан бұрын ерте күзде жүргізіп, жыл сайын қайталап алып отыру қажет.
- **Вакцинация** әсіресе тұмаудың асқыну қауіпі жоғары топтағы адамдар, сондай-ақ жоғары қауіп тобындағы адамдармен бірге тұратындар немесе оларға күтім жасайтын адамдар үшін қажет.

Тұмау— өте жұқпалы ауру.

Кейде ол асқынып кетіп тыныс жолын, нерв жүйесін, қан тамырды, жүректі ауруға шалдықтырады. Тұмауды қоздыратын вирустар (микробтар) тыныс жолының кілегей қабығында өсіп-өнеді. Тұмау тиген адам аурудың микробын жөтелгенде, түшкіргенде және қақырығы арқылы ауаға таратады. Сондай-ақ тұмау вирусы науқастың ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы және т.б. арқылы жұғады. Тұмау вирусы өте тез тарайды. Бір ауырған адам бір-екі жылға дейін қайтып тұмаумен ауырмайды. Тұмау салқын кезде жиі, ыстықта сирек кездеседі. Кейде адамға суық тиіп, тыныс жолының жоғарғы бөліктері қабынып, оның тұмауға ұқсауы да мүмкін. Бірақ бұл тұмау емес. Ол салқын тигенде мұрын, көмей, жұтқыншақтарды жайлайтын басқа микробтардың әрекеті. Тұмау вирусы күн сәулесіне және зарарсыздандырғыштар (хлор, қышқылдар, спирт және т.б.) әсерінен тез қырылады.



АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жедел респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) – вирусты аурулардың тобы. 70 % ЖРВИ мен сырқаттану жағдайы бала кезде көп орын алады, әсіресе 1 жасқа толмаған және 3 жасқа дейінгі балалар көп ауырады.

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру.

Жедел респираторлық вирустық инфекция және басқа да вирусты инфекциялардың алдын алу шаралары:

1. Үйден шығарда мұрныңыздың ішіне оксалин жақпасын жағыңыз;
2. Адамдар көп жиналған жерден аулақ болыңыз;
3. Сұйықты көп ішіңіз, таза ауада көп жүріңіз;
4. С дәрумені бар тағамдарды көбірек қолданыңыз;
5. Қатты тоңбаңыз, қатты қызбаңыз;
6. Халық емін қолданыңыз (пияз, сарымсақ).



МКҚК «Шұғыла» бөбекшай бақшасы



Тәрбиешілер:

**Әкімгерейқызы В
Дариябаева С.Ә**

Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік көңіл-күй ортасын ұйымдастыру. Образдық бейнелерді сомдай білуге үйрету, хормен және жеке ән айту шеберліктерін арттыру. Би қимылдарын қызығушылықпен, ырғақты сақтай орындауға төселдіру.

Ертеңгілік барысы: Зал іші әдемі безендірілген. Ортада әдемі шырша. Әсем әуенмен әдемі киінген балалар.

Жүргізуші: Құрметті балалар, ата-аналар, қонақтар! Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл құт береке әкелсін!

«Қош келдің, жаңа жыл» ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

Ертеңгілімізді бастамас бұрын бөбекжайымыздың меңгерушісі: Тулешова Г.Д құттықтау сөз беріледі.

Ендеше ертеңгілімізді бастайық...

Жүргізуші: Балалар, ортамыздағы әсем безендірілген мерекеміздің сәні не?

Балалар: Шырша!

Жүргізуші: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Ал, ендеше шыршаға ән айтып берейік.

«Кішкентай шырша» әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Балалар, біздің әдемі шыршамыз бар, бірақ шыршамыздың шамдары жанбай тұр. Енді біздің жаңа жылдық мерекемізге кімдер жетпейді?

Балалар: Аязата мен Ақшақар.

Жүргізуші: Қәне, онда Аязатаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.

Балалар: Аязата, Аяз ата (деп 2 рет айтқанда,

Аяз ата келеді. Қасында Ақша қары бар. Таяғын тарсылдата кіріп келеді.

Аяз ата: Амансың ба, ұлдарым,
Амансың ба, қыздарым
Қандай әсем жүздерің
Қандай мөлдір көздерің
Керемет бір ән тыңдап,
Келіп тұр-ау демалғым.

Оо, қарақтарым! Мен сендерді сағына жетіп келдім. Шын тілеген ниеттеріңнің арқасында, Ақша қар екеуіміз сонау солтүстіктен бұғымызға шанамызды жеге салып келіп тұрмыз. Бірақ келе жатып ауа-райы бұзылып дауыл соғып, сыйлықтарымыздың барлығын жоғалтып алдық.

Ақша қар: Аяз ата, дұрыс айтасыз! Иә, достар. Біз келгенше көптеген жерлерде болдық. Әлемнің әр жерінде той-думан болып жатыр.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер төрлетіңіздер! Отырып тынығып демалыңыз Аяз Ата. Біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар!

Аяз Ата: Рахмет балалар. Олай болса әдемі шыршамыздың шамдарын сиқырлы таяғыммен жарқыратып жағып қояйын. Қанекей бірге қайталайық
1,2,3-Шырша шамы жарқыра.

Жүргізуші:Қандай әдемі шыршамыз. Аяз ата балаларымыздың жаңа жыл мерекесіне арнаған тақпақтары бар.

Ақбаян

Жаңа жыл, Жаңа жыл
Жаңа жылда, Жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр

Жұбаныш

Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің бе аман алыстан
Сәлем, Аяз атамыз

Мөлдір

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз!

Ерке

Тамаша. Тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Ыбырай

Қала нұр, дала нұр
Құтты болсын, Жаңа жыл!
Аяз Ата: Жарайсыңдар, балалар.

Жүргізуші: Иә, Ата, балаларымыз шеттерінен өнерлі, тақпақты да жақсы айтады. Сонымен, қатар биді де жақсы билейді.

Ендеше келесі кезекті биші қыздарымызды «**Үнді**» биімен қарсы алайық.

Жүргізуші: Балалар енді ән шырқап берейік. **Ән:** «Шырша жыры»

Бір мезгілде қатты боран соғылып аяқ асты қонаққа **Теңіз** қарақшысы келеді. (Боранның дыбысы)

Теңіз қарақшысы: Сәлеметсіздерме балалар! Сендерді көргеніме қатты қуанып тұрмын. Жаңа жыл мерекесі құтты болсын.

Мен Теңіз қарақшысымын! Боран соғып Кемем Теңіздің қақ ортасында қатып қалды. Мен енді қазынаны қалай іздеймін? Қазынаны табуға сәл ғана қалып едім.

Жүргізуші: Теңіз қарақшысы келіңіз бізбен бірге жаңа жыл мерекесін қарсы ал. Көңіліңді көтер. Аяз Атадан өз өнеріңді көрсетіп сыйлық ал. Қазынаны боран басылғасын тауып аласын.

Теңіз қарақшысы: Жарайды онда, қанекей балалар менімен бірге би билейік.

Би «Теңіз қарақшылары»

Аяз Ата:Жарайсыңдар ,балалар!

Теңіз қарақшысы:Ал енді Аяз Ата маған сыйлық бересізбе!

Аяз Ата: Теңіз қарақшысы осында келе жатып сыйлықтардың барлығын жоғалтып алдым.Ақшақар екеуміздің қарамаған жеріміз қалмады.

Теңіз қарақшысы:Жарайды онда Аяз Ата сыйлықтарды табуға мен көмектесемін.Дегенменде қазынаны іздеп тапқанды жақсы көремін.

Ойын: «Жасырынған ойыншықтарды табу» Қар арасынан жасырынған ойыншықтарды іздеу.

Сол кезде шыршаның түбінен сыйлық салынған қапшықты тауып алады.

Аяз ата Теңіз қарақшысына рахмет айтып сыйлығын береді.

Теңіз қарақшысы балалармен қоштасады.

Аяз ата: Ақша қар, сыйлықтар қайда, кәне, берші. Мен мына балалардың жарқын жүздеріне, тамаша өнеріне тамсанып отырмын.

Сыйлықтар беріледі.

Жарайсыңдар балаларым!

Аяз атамен ақшақар қоштасып кетеді.


Жүргізуші: -Балалар енді біздер бір жасқа есейдік. Ал, балаларым, сендер аман есен өсе беріңдер.

Осымен «Айгөлек»кіші тобының ертеңгілігі аяқталды. Жаңа жылы құтты болсын.





ҚЫСҚЫ КИІМ КИЮ РЕТІ



Қыс — жыл мезгілі, әр аумақтағы ауа температурасы ең төмен болатын климаттық маусым.

Қыс айлары : желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Қыста жерді қар жамылады, өзендер мен көлдерде мұз катады, өсімдік өсіп-өнуін тоқтатады, жануарлардың көптеген түрлері ұйқыға кетеді.

Адамдар жылы киімдерін киеді. Жануарлар мен құстарға қамқор болады.



Баяндама: «Денсаулық сақтайық!»



Адамның денсаулығы ол – барлық уақыттағы айтылатын көкейтесті тақырып. Денсаулықты дәрілермен емдеп қана сақтай алмаймыз. Басқа әдісі, ол – қозғалыс. Денешынықтыру жаттығулары – ұзақ өмір сүру үшін, жұмыс істеуге қабілетті сақтау негізінде, адам үнемі қозғалыста болу керек. Мектепке дейінгі балалардың психологиялық және денені шынықтыруды қалыптастыру негізі - жас бала кезден басталады. 7 жасқа дейінгі бала алдағы өмірінде қайталанбас дамудың үлкен жолын өтеді. Осы кезеңде ағзаның дамуы, жеке тұлға болып қалыптасу, мінезі, өзіне және айналадағыларға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Бұл кезеңде балаларда салауатты өмір салты туралы білім, практикалық дағдыны қалыптастыру өте маңызды. Спорт және денешынықтыру сабақтарында жүйелі айналасу керектігін, саналы түрде қажеттену керек. Мектепке дейінгі мекеме балалардың денсаулығын дамыту, сақтауды барлық сабақтарда үнемі пайдалануды қамтамасыз ету қажет. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және шынықтыру бағытында әртүрлі формадағы жаттығулар бар. Қазіргі кезде жалпы оны – «денсаулықты сақтау технологиясы», - деп атайды.

Денсаулықты сақтау технологиясы, бұл жүйе - денсаулықты сақтаушы және түзетуші, сауықтырушы шара бала мен педагог, ата-ана мен бала, дәрігер мен бала байланысы арқылы жүзеге асады.

Негізгі міндет – баланы өзін-өзі басқаруға дайындау. Қажетті білім, білік, дағдыларын, белгілі бір әдеттерді бала бойына сіңіру.

Денсаулықты сақтау технологиясының мақсаты:

- Балалардың денсаулықты сақтау қажеттілігін қамтамасыз ету.
- Салауатты өмір салтына байланысты бала бойында білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.
- Алған білімді күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

Денсаулықты сақтау технологиясы әртүрлі іс-әрекетте қолданылады, олар:

1. Денсаулықты сақтау технологиясы
2. Салауатты өмір салтына үйрету технологиясы
3. Түзетушілік технологиялар

Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау, тәрбиелеу және дамыту үрдісінде педагогикалық жағдайлар жасалған. Олардың негізгілері: ойын формасындағы балалардың әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру, сабақты дұрыс ойластырып өткізу, балаларды қажетті құралдармен қамтамасыз ету (ойыншықтар, ойындар, ойнауға қажетті заттар, жаттығулар). Бұл жұмыстар күнделікті тәрбиешілер, музыка жетекшісі және денешынықтыру

инструкторымен бірлесе өткізіледі. Осы үрдістің қатысушылары тәрбиешілер, топта денсаулықты сақтау технологиясын тәжірибеде әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы балаларға орта жағдайын жасап, салауатты өмір салты дағдыларын үйретуге көңіл бөледі.

Денсаулықты сақтау технологиясы:

Динамикалық үзілістер балалардың шаршауына байланысты сабақ кезінде (2-5 минут) өткізіледі. Олар: көзге арналған жаттығулардың элементтері, сабақ түрлеріне байланысты тыныс алу, саусак жаттығулары.

Қозғалмалы және спорттық ойындар денешынықтыру сабақтарының бөлігі ретінде күнделікті топсеруенде, топта (қозғалысы аз дәрежедегі ойындар) өткізіледі. Ойындар балалардың жас ерекшелігі мен өткізілетін орын, уақытқа байланысты таңдап алынады.

Релаксация. Балалардың психикалық денсаулықтарының бірқалыпты болуын, жағымды және жағымсыз эмоцияларды реттеуге өткізіледі. Біздің мақсатымыз- балалардың эмоцияларын сезініп және ісін қадағалауды басқару. Осы мақсатта тәрбиешілер ағзаның кейбір мүшелерін және жалпы ағзаны босансытуға арналған жаттығуларды қолданады. Жұмыс істеуде классикалық әуендер (Чайковский, Рахманинов), табиғат дыбыстарын қолдану. Балаларға бұл жаттығулар өте ұнайды, себебі онда ойын элементтері бар. Олар бұл босансуға арналған жаттығуларды тез үйренеді.

Саусак гимнастикасы жеке балалармен немесе бір топ балалармен күнделікті жүргізіледі. Саусак гимнастикасы ұсақ моториканы жаттықтырады, сөйлеу тілін дамытады, ойлау, зейін аудару, қан айналысын жақсартып, тез реакцияға жаттығады. Әсіресе, тіл мүкістері бар балаларға пайдасы мол. Кез келген ыңғайлы уақытта өткізуге болады.

Көзге арналған жаттығуларын кез келген бос уақытта өткізуге болады. Ол көз бұлшықеттерінің шаршауын тынықтыруға, қан айналысына көмегін тигізеді. Бұл жаттығуларды өткізгенде педагог көрнекілік арқылы өзі көрсетіп отырады.

Тыныс алу гимнастикасы денешынықтыру-сауықтыру жұмыстарында әртүрлі формада өткізіледі. Балалардың барлық ағза тканьдарында оттегі алмасу белсендіріледі.

Тыныс алу гимнастикасынан басқа, нүкте массажы қолданылады. Ол мұрын, бронхы, трахея, жұтқыншақ және т.б. ағзалардың қорғаныс қасиеттерін көтереді. Нүкте массажын жасау арқылы ағза өзі «дәрі» шығара бастайды. Ол жай дәріден қауіпсіз, тиімді. Ағзаның тұмауға қарсы күресуін жоғарлату, жоғарғы тыныс алу ауруына қарсы тұруын, бетке, кеудеге, көкірек клеткаларына массаж жасау арқылы іске асырамыз. Ішкі ағзаның іс-әрекетін реттейтін - массаж.

Сергіту гимнастикасы Күнделікті ұйқыдан кейінгі сергіту гимнастикасы өткізіледі. (5-10 мин) Бұл кешенге төсектегі ояну, жалпақ табандылықты түзететін жаттығулар, денені дұрыс ұстап тік жүру, жуыну жатады.

* Денсаулықты сақтау технологиясы бірінші кезекте валеологиялық мәдениетті тәрбиелеу технологиясы немесе балалардың денсаулық мәдениеті. Технологиялардың мақсаты - балалардың денсаулыққа және адам өміріне саналы түрде қарауы, денсаулық туралы білімдерін толықтыру. Басқа сөзбен айтқанда, «үлкен өмірдің» табалдырығын аттарда денсаулықты сақтау технологияларын қолданса, біз нәтижеге қол жеткіздік деуге болады.

Салауатты өмір салтына үйрету технологиялары:

Танертенгі жаттығулар күнделікті музыканың сүйемелдеуімен өткізіледі. Музыка әрбір жаттығуға ойналады. Балалар да ырғақты сезінуі дағдысы мен білігі қалыптасады.

Денешынықтыру сабақтары бағдарламаға сәйкес өткізіледі. Олар қозғалу жаттығуларын жасай білу дағдыларына бағытталған. Күнделікті денешынықтыру сабақтары ағзаны шынықтырып, қорғаныс сезімін көтеруге жағдай жасайды.

Өзіне-өзі массаж жасау – бұл массажды бала өзі жасайды. Ол қан айналысты жақсартады, ішкі ағза жұмыстарын қалыпқа келтіруге көмектеседі, сымбатты болуға жағдай жасайды. Денені ғана емес, психиканы нығайтуға көмегі бар. Өзіне - өзі массаж жасау 5 минуттық динамикалық үзіліс ретінде ойын формасында өткізіледі. Көңілді такпақтар, жарқын бейнелер, массажды қозғалыстарды әртүрлі жағдайда қолдану балаға қызықты, қарапайым

және қолжетімді.

Белсенді демалыс. Бос уақытты өткізу, мерекелерде, әртүрлі жарыстарда қозғалмалы жаттығуларды қызығушылықпен орындайды, себебі олар өздерін сабақтағыдай емес еркін ұстайды. Сол себептен өзіне тән әртістік көрініп, қозғалыстарында эстетика көрінеді.

Түзетушілік технологиялар:

Артикуляциялық гимнастика – артикуляциялық ағзаға арналған жаттығулар (ерін, тіл, астыңғы жақ), дыбысты дұрыс айтуға, түзетуге арналған жаттығулар.

Музыканың әсері технологиясы. Музыка балаларға қатты психологиялық әсер етеді. Нерв жүйесінің калпына әсері бар (тыныштандырады, босаңсытады немесе керісінше, қоздырады), әртүрлі эмоциональді жағдайды тудырады. Осыған байланысты біз және біздің балалар қандай музыка тыңдап жүргенімізге көңіл бөлуіміз қажет. Музыка әуені, ырғағы, дауыс ерекшеліктері баланың психикалық жағдайына қаншалықты әсері барына назар аудару, естен шығармау.

Балабақшада оқу іс-әрекетінде музыканың сүйемелдеуімен сабақ өткізуді кеңінен қолданады. (бейнелеу өнері, құрастыру, айналамен таныстыру, т.б., сабақтарда)

Ертегі терапиясы – психотерапиялық, дамытушылық жұмыстарда қолданады. Ертегіні тәрбиеші айтып беруі немесе топтық әңгімелеу болуы мүмкін. Ертегіні оқып қана қоймай, оны балалармен бірге талдаймыз. Балалар қуыршақ театрында рөлдерде ойнап өздерін ертегі кейіпкері ретінде көрсетеді. Балалар ертегіні құрастырады, аяқтайды, бұл – ертегі терапиясы деп аталады. Ертегіні құрап айту арқылы балалардың ішкі уайымын (олар кейбір нәрселерді саналы түрде әлі түсінбейді, үлкендерге айтуға жасқанады) білуге болады.

Әрбір қарастырылған технологиялар денсаулықты сауықтыруға бағытталған. Қорыта айтқанда денсаулықты сақтау технологиясын кешенді қолдану балада салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастырады.

Балабақша мен отбасы арасындағы сенімді іскерлік қарым-қатынас орнату – екі арадағы байланыс негізінде педагог және ата-аналардың сабақтастығы тәрбиелеуде кателік болса, түзетуге септігін тигізеді. Егерде отбасымен бірлесе жұмыс істемесе, қандай дене шынықтыру-мәдени-сауықтыру бағдарламасы болмасын, нәтижесі болмайды. МДМ және отбасында денсаулықты сақтау технологиясын ұйымдастыруда, әртүрлі формадағы жұмыс түрлерін қолданамыз: ата-аналар үшін балалармен ашық сабақтар; ата-аналар жиналысында педагогикалық әңгіме жүргізу; кеңестер; ашық есік

күні; мерекелерге ата-аналардың дайындалуға, өткізуге көмегі; сауалнама алу. Көрнекі стендтер- ата-аналарды топ өмірімен таныстырады, жылжымалы ата-аналар бұрышынан- балалардың жас және физиологиялық ерекшеліктері туралы кеңінен мәліметтер алуға болады.

Денсаулықты сақтау педагогикалық технологиясын қолдану тәрбие-білім беру үрдісінің нәтижесін көтереді. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, нығайтуға бағытталған - ата-аналар мен педагогтар жұмысы алға ұмтылуға бағдарланады. Балада салауатты өмір салтына деген танымдық қызығушылығы тұрақтанады.

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай бақшасы



«Айгөлек» кіші тобының тәрбиешілері:

**Әкімгерейқызы В
Дариябаева С.Ә**

Наурыз 2023

Аналарды құттықтаймын

«Құттықтаймын, анашым!»

Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды, әжелерді, қыздарды мерекемен құттықтау.

Міндеттері:

- Балаларды музыка ырғағымен ана туралы әндерді, музыкалық қимыл қозғалыстарды дұрыс орындауға үйрету.
- Мерекелік көңіл-күйін құру, ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
- Аналарды, әжелерді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Кейіпкерлер: жүргізуші, әже, көктем аруы.

Ертеңгілік өткізуге қажетті құрал-жабдықтар: Гүлдер, орамалдар, себет, ойынға қажетті заттар.

Репертуар:

Әндер:

«Айналайын анашым»

«Көктем келді»

«Әжемнің шайы»

Билер:

«Джентельмендер Флешмоб»

«Орамалдармен»

Ойындар:

«Кім жылдам»

«Кэмпит»

Сән үлгісі: «Қалпақтар»

Ертеңгілік барысы:

Балалар музыкамен залға кіріп жартылай шеңбер жасайды.

Жүргізуші: Сәлеметсіңдерме қымбатты балалар, құрметті әріптестер, сіздерді біздің ертеңгілігімізде көруге өте қуаныштымыз. Балалар, қараңдаршы залымыз қандай әдемі болып қалды. Күн сендерді көріп қуанып қалды, қатты жарқырай бастады. Өздерің өте әдемісіңдер ғой. Қалай ойлайсыңдар, бүгін қандай мереке?

Балалар: Аналар мерекесі.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, балалар! Иә, бүгін аналар мерекесі. Ал қазір мерекемізді бастайық! Аналарымызды құттықтайық!

1 бала: Жұбаныш

Ананың біз гүліміз,

Ана біздің күніміз.

Аналардан тарайды

Біздің әсем үніміз

2 бала: Нұрислам

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіңе

Ана деген керемет

Сыйлап өтем өмірде

3 бала: Медина

Бүгінгі көктем күнінде,

Барлық адам қуанар,

Аналарды мейраммен

Құттықтайды балалар!

4 бала: Ақбаян

Еркелесем күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайымнан иіскеп мені
Құлыншағым күнім, - дейтін.

5 бала: Ыбырай

Айналайын анашым
Жұмысқа сен барасың
Қайтіп мені көргенше
Шын сағынып қаласың.

Жүргізуші:

Қандай бала болмайық,
Анамызға балдаймыз,
Көтерейікші көңілін
Ән айтайық тұрмайық.

Ән «Анашым» (балалар кілемнің бойымен тұрып әнді орындайды. Әннен кейін отырады)

Жүргізуші: Балалар, күнге қараңдаршы. Сендердің әндерің оған өте ұнады. Оның шуақтары жарқырап кетті ғой. (күнге жақындап барады, терезе алдында балапанның суреті жатыр)

Жүргізуші: Балалар, қазір қандай мезгіл ?

Балалар: Көктем.

Осы кезде музыка ойнайды залға Көктем кіреді.

Жүргізуші: Міне, Көктемде келіп қалды.

Көктем: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен Ару Көктеммін.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Көктем.

Балалар: Сәлеметсің бе.

Көктем: Мен балабақшаның қасынан өтіп, әсем әнді естіп қойдым. Сендерде мереке болып жатыр ма?

Жүргізуші: Иә. Бізде бүгін аналар мерекесі болып жатыр.

Көктем: Ал сендермен мерекені өткізуге бола ма? Өтінем! Мен сендермен ән айтамын, би билеймін, сендерге ойын ойнатамын.

Жүргізуші: Әрине, Көктем кел мерекені бірге қарсы алайық.

Жүргізуші: Балалар, Көктемге би билеп береміз бе?

Би «Орамалдармен билейміз»

Жүргізуші: Көрдің бе Көктем, балалар жақсы билей алады.

Көктем: Сендердің билерің маған өте ұнады. Менің сендерге алып келген керемет ойыным бар! Қане, бірге ойнайық.

Ойын: «Кэмпит»

Ойын шарты: Балалар шеңбер құрайды. Балаларға үлкен кэмпит беріледі. Балалар бір біріне музыкамен кэмпитті береді. Музыка тоқтаған кезде, кэмпиті бар бала Көктемге апарады.

Ән: «Көктем келді»

Көктем: Рахмет сендерге, балалар!

Жүргізуші: Ал балалар мерекені жалғастырайық, Көктеммен бірге аналарымызға арнап ән де айттық, би де биледік, ойын да ойнадық.

Балалар, біздің Мерекемізге кім жетіспейді? Біз ауылға барғанда бізге сақтап қойған құртпен, тәттілерін беретін кім?

Балалар: Әже

Жүргізуші: Ендеше, балалар әжемізді қонаққа шақырайық.

Балалар: Сәлеметсіз бе! Әже бүгінгі мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Бала. Ерке

Менің әжем, гүл әжем

Алтын, мен үшін

Нағыз ана тілі әжем.

Ән: «Әжемнің шайы»


Әже: Ойын «Кім жылдам»

Ойын шарты: Көңілді музыка ойнаған кезде балалар жіпті жылдам жинау керек.

Әже: Сендермен, уақытты көңілді өткіздім. Бірақ маған қайту керек.

Жүргізуші: Әже, мына гүлдерді сізге сыйлаймыз! екінші құмыраны сыйлайды

Жүргізуші: Міне ардақты аналар, ақ жаулықты әжелер, Осымен «Айгөлек» кіші тобының сіздерге арнап әзірлеген ертеңгілігіміз аяқталды. Көктемдей көтеріңкі көңіл, күннің шуағындай мейірім, отбасыларыңызға қуаныш пен шаттық, дендеріңізге саулық, балаларыңыздың езуінен күлкі кетпесін.



**«Айгөлек» кіші
тобының 8-наурыз
мерекесі.**



A decorative border of small, colorful flowers (pink, purple, yellow, and blue) with green stems and leaves, arranged in a repeating pattern around the perimeter of the page.

***Баланың тілін дамытуға
арналған ойындар мен
жаттығулар***

Тіл қаруы –сөз, сөз қаруы-ой. Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғары қасиеттері.

Ғ.Мұстафин

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Ең бастысы, бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыруға, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне баулиды. Тіл дамыту арқылы оқушылардың ақыл-ойы кеңейеді, адамгершілік, эстетикалық тәрбие, бір-бірімен достық қарым-қатынас мәселелері де дұрыс жолға қойылады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту күн тәртібінен ешуақытта түсіп көрген емес. Жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде ұлттық сананы оятып, тілін дамытып және білім беруді тиімді әдістемемен жандандыра түсіп, дамыта оқыту керектігі туындап отыр. Оқушылардың тілін дамыту-қазіргі кезде оқу -тәрбие ісіндегі басты мәселе.

Бұл жинақта тіл дамытуға арналған біршама тапсырмалар мен қызықты ойындар, жаттығулар жинақталған. Тіл дамыту бір жақты құбылыс емес, сондықтан да баланың тілін логикалық ойлау арқылы, шығармашылық тапсырмалар арқылы да дамытуға болады. Сонымен қатар, қазақ тілі сабақтарында да арнайы жаттығулар жүйесімен баланың тілі мен ойын дамытуға болады. Берілген ойындарды баланың жасына сай қолдану керек.

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

1. Ойын "Интервью". Алдымен балаларды жаңа сөздермен таныстыру керек. Интервью –газет, теледидар немесе радиодан берілетін сұхбат әңгіме.

Тілші – сұрақ қойып отыратын кісі.

Респондент – сұраққа жауап беретін адам.

Балаларды микрофонға нық сөйлеуге үйрету керек. Ол үшін балаларды 10 дейін өсу, кему ретімен санауды ұсыныңыз. Сосын балаларға рөлдерді бөліп беріңіз. Мүмкін болатын тақырыпты талқылаңыз. Тілшілер сұрақ бастайды. Сосын әңгімені ұжым боп тыңдап, талқылайды.

Мүмкін болар тақырыптар: театрға барғанын, көрген қойылымды талқылау; мерекені талқылау; суреттер көрмесін, қызықты кітапты, аптада болған ең қызықты оқиғаларды.

Ойын нұсқалары: 1) мұғалім балалардан интервью алады, 2) балалар мұғалімнен интервью алады, 3) ата-аналар интервью алады, 4) балалар ата-аналардан интервью алады.

2. Ойын "Суретті жұмбақтар".

Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады.

Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.

3. Ойын "Ойыншықты ата".

Әр бала өзімен бір ойыншық ала келеді. Бір бастаушы тағайындалады. Ол 3-5 минутқа сыртқа шыға тұрады. Ол жоқта мұғалім балалармен бір оқиға құрастырады. Ол оқиғада негізгі кейіпкер балалардың әкелген бір ойыншығы болады.

Барлық ойыншықтарды орындыққа тізіп қояды. Бастаушы баланы шақырады. Балалар оған ойдан шығарған оқиғаны ретімен айта бастайды. Бірақ кейіпкердің атын атамай. Оны тек

есімдіктермен ғана атайды. Оқиға 3-5 минутқа ғана болуы керек. Бастаушы оқиганың негізгі кейіпкерін ойланып, тауып алу керек.

Егер бастауыш дұрыс тапса, ойын жалғасады. Егер бала кейіпкерді таба алмай жатса, онда балалар оқиганы толықтыра түседі, бастаушы көмек ретінде.

4. Ойын "Сөйлем құрастыр".

Мұғалім лотодан суретті 2 карточканы топқа ұсынады. Балалар жарты шеңберге отырады. Кезекпен әрбіреуі суретке қатысты сөйлем құрастырады. Сосын басқа 2 сурет көрсетіледі. Оларға да балалар сөйлем құрастырады.

Ескерту:

1. Балаларды ерекше, өзгеше сөйлемдерді құрауға жетелеңіз.
2. Егер балалар берілген екі сөзбен сөйлемдерді шапшаң құрап жатса, онда суреттердің санын асырыңыз. Мысалы, үш, төрт карточка алыңыз.

Бұл ойынды ата-аналар да баламен жеке жұмыс жасау есебінде алуларына болады. Баламен жарыс ұйымдастыруға да болады. Әрине, баланы жеңіске шығаруды көздеу керек.

5. Ойын "Қарамақайшылық".

Мұғалім балаларға бір сурет көрсетеді. Суреттегі бейнеленген затқа қарама-қарсы мағынада сөз айту керек. Мысалы, суретте «доп», балалар «тақта» дейді. (доп дөңгелек, тақта жазық) «күн» (допты адам жасайды, күн табиғаттың бір бөлігі) т.с.с.

Әр бала өзінің жауабын айтады, міндетті түрде неге ол жауапты таңдағанын түсіндіру керек.

Ескерту: бұл ойын баламен жеке жұмыс жасауға да тиімді.

6. Ойын "Көпір".

Мұғалім заттар бейнеленген суретті карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар екі суреттің арасындағы байланысты орнататын бір сөз ойлау керек. Ол сөз екі затты «байланыстыратын көпір» секілді. Әр бала кезекпен жауап береді. Баланың жауабы негізделген болуы керек.

Мысалы, екі сөз беріледі: «қаз» және «ағаш». «Байланыстыратын көпір» қызметін мына сөздер болуы мүмкін: «ұшты» (қаз ағаштан ұшты). «ойды, кесті» (ағаштан қаз ойды). «тығылды» (қаз ағаштың артына тығылды) т.б.

Ескерту: бұл ойынды баламен жеке жұмыс жасауға да қолдануға болады.

7. Ойын "Қадамдар. (Кім тез жетеді...)»

Бұл ойын арқылы баланы жарыстыра отырып оның тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіруге болады.

Ойыншылар қатар тұрып, мәренің қашықтығын белгілейді. (арақашықтық 8-10 қадам) Әр қадамға тақырып таңдалады. Мысалы, "Әдепті сөздер". Әр бала әдепті сөз айтса ғана қадам жасай алады. Ойлануға бір минут қана беріледі.

Басқа тақырыптар: "Барлығы дөңгелек", "Барлығы ыстық", "Барлығы дымқыл". "Анаға арналған жылы сөздер", "Мейірімді сөздер" және т.б.

Келесі нұсқа : Балалар бір-біріне қарама-қарсы жұппен тұрып қадам жасайды. Ойын шарты солай, тек сөзді айтқаннан кейін ғана қадам жасайды.

7. Іздеу!

Байланыстыра сөйлеуін, зейінін, байқағыштығын дамытамыз. Бұл ойынға 5 адам қатысады. Әйтпесе қызық болмайды. Мұғалім былай дейді: Мен (құрбымды) досымды іздеп жүрмін. Оның көзі көгілдір, шашы ұзын, қою қара, ол мысықтарды жақсы көреді, ал сүтті мүлдем ұнатпайды. Кім бірінші қай бала туралы сөз болғанын тауып алады,

Кішкентай балалар ойнағанда, киімдерін де сипаттауға болады.

8. Ойын "Екі шеңбер".

Балалар екі шеңберге тұрады. Сыртқы үлкен шеңбер және ішкі (3-4 адам). Үлкен шеңбердегі балалар тұрады ал кіші шеңбердегі балалар жүре сөйлейді. «Біз шеңбермен жүреміз, өзімізбен аламыз» .

Ал үлкен шеңбердегі балалар тезірек тәттіні білдіретін сөз айта қою керек, мәселен, қант. Қай бала сөзді бірінші айтады, сол бала ішкі шеңберге тұрады.

Ойын жалғаса береді. (... өзімізбен бірге жұмсақ, ащы, тұщы, қатты, қышқыл, т.б.) Үлкен шеңбердегі қалған соңғы бала бір тапсырма орындау керек.

9. Әңгіме ойлаймыз.

Үлкен адам сөйлемдерді оқып тұрады. Балалар, сөйлемнің арасына керекті сөздерді қойып отырады. Ол сөздер зат есім, етістік, сын, сан есімдер болады)
Мысалы,:

".... (Не?) босағада отырып мияулайды. Мысық алдында тұрған төрелкедегі сүтті (не істеді?). Бақта жүрген мысық . . . (нені?) ұстап алды. Мысықтың жүні . . . (қандай?), тырнағы . . . (Қандай?). Мысық марғауларымен . . . (Қайда?) жатты. Марғаулар допты (қалай?) ойнады.

10. Сөйлемді тарату.

Мұғалім: "Бағбан ... суғарып жатыр ... (нені? Қайда? Қашан? Неге?). Балалар. . . бара жатыр ... (қайда? Не үшін? Неге?) т.с.с.

11. Сөйлемді толықтыр.

Балалардан сөйлемді аяқтауды өтіну: «Балалар гүлзардағы гүлдерге су құйып жатыр, себебі . . .». "Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені . . . ", "Аю қыста ұйықтайды, себебі . . . " және т.б.

12. "Мен циркте болдым... "

Ойын үшін сізге әріпті және буындық карточкалар керек болады. Екі немесе одан көп адам ойнауға болады. Барлық ойыншылар кезекпен карточкаларды алады.

Бастаушы карточканы алып, «Мен циркте болдым онда көрдім». Ол карточкадағы әріптен басталатын бірдеңені атау керек. Атайтын сөз тек зат есім болуы керек. Мысалы, "К" әрпіне клоунды, керікті.

Егер буын карточкаларын қолдансаңыз, ол буын сөздің басында да, ортасында да, сөздің соңында да кездесе берсін. Мысалы, "Мен теңізде бол-дым» т.с.с.

13. Қызықты әліпби.

Алдымен бір қалың дәптер бастаңыз. Әліпби әріптерін қатырма қағазға жазып, қиып алыңыз. Ескі журналдардан суреттер қиып алыңыздар, әртүрлі суреттер, жапсырмалар да жарап жатыр. Енді әріпке сай суретті балаңызбен әріп тұрған бетке жапсырыңыз. Бірнеше сурет жапсыруға болады. Әр суреттің астына баспа әріппен сол сөзді жазыңыз.

Кейінірек, бала әріптерді меңгергеннен кейін, тапсырманы қиындатыңыз. Журналдардан, газеттерден енді сөздерді қиып алыңыздар. Белгілі әріппен және белгілі буынмен.

14. Шынжыр.

Бұл ойын сөздермен. Бірнеше бала қатыса береді. Бірнеше дауыссыз әріптерді алыңыз, қағазға жазып қойыңыз. Осы үш әріп кездесетін сөздер ойлап табу керек. Кім көп сөз айтады, сол жеңеді. "а", "н", "т". Құрамында осы үш әріп кездесетін сөздер: атан, отан, қотан, қант, Қанат, Жанат, қиянат, жарғанат. самолет, масло, салями, мысль.

Сөздік қорды дамытуға арналған ойындар

Баланың сөз мәнерін дамыта отырып, оның сөздік қорына үлкен мән беру керек. Өйткені сөздік қор тіл байлығының іргетасы. Сөздік қоры көп болса, оның тілі де бай болады. Ол өз ойын еш қиналмай –ақ жеткізе алады. Сөздік қорды молайту үшін, үнемі баламен әңгімелескен жөн, әрине ең маңыздысы оған кітап оқу керек! Сонымен қатар, мынадай ойындар ойнатқан дұрыс болар.

«Дұрыс па, бұрыс па»

Бұл ойын сөздік қорды, зейінді дамытады. Сіз бірнеше затты атау керексіз, ал бала сіз шын айттыңызба, әлде жоқ па екенін анықтау керек. Мысалы, сіз:

- - саптаяқ және қасық – ыдыстар.
- - Бала: иә, дұрыс олар ыдыстар.

Басқаша нұсқасы: Сіз:

- -Ит пен мысық – олар құстар.
- -Жоқ, сіздікі бұрыс, ит пен мысық олар үй жануарлары.

Сіздің міндетіңіз баланы толық, ашық жауап беруге үйрету. Сөйтіп баланың сөздік қоры молаяды. Сонымен қатар, көп заттардың атауларын біліп алады. Бұл ойынды ағылшынша да өткізуге болады. Өте қызықты болады.

Мен бүгін... барамын.

Бұл ойынның мазмұны кез-келген бір жағдаят ойластыру болып табылады. Мысалы, балаға «Елестетші, сен бүгін ойыншықтар дүкеніне барасың, онда сен не істейсің?» Баланың міндеті 2-3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрау. (кейін сөйлем санын көбеюі керек) Оның баяндауы мына сөзден басталу керек: «Мен бүгін ... барамын». Жағдаяттар түрлі болады: саябаққа, орманға, мектепке, қонаққа, көлге, мұражайға, т.с.с.

Әңгіме жазамыз.

Бұл қызықты ойын сөздік қорын байытады, сөз таптарын, заттарды, құбылыстарды жаттауға да көмектеседі.

Мұғалім алдын-ала сөздері қалып қойған әңгіме жазып, дайындап қояды. Қалып қойған сөздің орнына жақшада қай сөз табы екенін жазып қояды. (зат, құбылыс) Сосын мұғалім баладан кезекпен қалып қойған сөздерді дауыстап айтуын сұрайды, тек әңгімені дауыстап оқымауы керек. Мысалы: «Маған сын есімді ата». Бос орындар толықтырылғаннан кейін, әңгімені толық дауыстап оқиды.

Мысалы:

Сәлем ! Бүгін ... (сан есім) ... (ай). Далада таңатқаннан өте ... (сын есім). Сондықтан мен қыдыруға баратын болдым. Менің ең сүйікті жерім ... (қаладағы орын) барамын. Өзіммен бірге ... (көпше зат есім) және ... (жануарды) алдым, себебі біз уақытты өте (сын есім) өткіземіз.

Біз сүйікті орнымызға тез жеттік, себебі ... (көлік түрі) отырдық. ... (қаладағы орын) өте әдемі болды. Аспан ... (қандай?) түсті болды, күннің көзі (етістік). Өкінішке орай, ауа-райы бұзылып, (табиғат құбылысы) жауды. Біз (қайда?) қайттық. Менің күнім (сын есім) өтті.

Суреттеп айт.

Бұл ойынды топта ойнау керек. Бастаушының құлағына не болмаса карточкамен бір сөз айтылады не болмаса сурет көрсетіледі. Бала ол сөзді атамай оны басқа сөздермен суреттеуі тиіс.

Мысалы, «доп». Оны «дөңгелек, резенкеден жасалған, түрлі-түсті» деуге болады. Сөзді тапқан бала ойынды жалғастырады.



Тәрбиеші/балабақша

Үлкеннің көмегінсіз
ас пісіруге болмайды.

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы

Бояулар әлемі

(саусақпен бояу)

Тәрбиеші:

Әкімгерейқызы Венера

Сәуір 2022















"Айгөлек" кіші
тобының
ата-аналар
жиналысы.







"Әкем, анам және мен"







"Айгөлек" кіші
тобының қол өнері







25-Қазан
Республика күні. 🇰🇿

